



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

6. Джекибаева Д, «Современные проблемы риск – менеджмента в Казахстане» //«Банки и финансы», №5 (13), ноябрь 2012, С. 4

Резюме

Устойчивое развитие финансово-хозяйственной деятельности компаний требует тщательного изучения рисков. Финансовые риски имеют различные виды и признаки. Исследование природы рисков как фактора воздействия на показатели функционирования компаний способствует повышению эффективности его управления в современных условиях.

Resume

Sustainable development of financial and economic activity of the companies requires careful consideration of the risks. Financial risks are different types and symptoms. Research of the nature of risks as a factor affecting the performance indicators of the company contributes to the efficiency of its management in modern conditions.

Түйіндеме

Компаниялардың қаржылық-шаруашылық қызметінің тұрақты дамуы тәуекелдерді зерделей зерттеуді талап етеді. Қаржылық тәуекелдер әр түрлі түрлері мен белгілері бар. Тәуекел – компанияның қызмет ету көрсеткіштеріне әсер ету факторы. Қазіргі жағдайдағы тәуекел мәнін зерттеу оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

УДК 339.1

ЖАҒАНДЫҚ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Әбжан Эльмира Ержанқызы

elya_0105@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика ғылымдарының магистрі,
«Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Жунусова А.Ж

Экономиканы инновациялық жолға көшіру Қазақстанның ХХІ ғасырдағы дамуының баламасыз нұсқасы болып табылады. Елдің ұлттық мүдделері осыны талап етеді, әлемдік дамудың негізгі үдерістері осыны қуаттайды. Соңғы кездері мемлекет инновациялық қызметті дамыту үшін кең ауқымды шаралар қабылдауда. Алайда, мойындау керек, инновация біздің экономикамыз үшін нөмірі бірінші басымдыққа айналды десек те, оның іске асырылуы уақыт талап еткен деңгейге көтеріле қойған жоқ.


Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы көптеген мәселені қарастырып, шешу жолдарын іздеуде. Инновациялық экономика құру - еліміздің дамуындағы ең басты бағыттары мен міндеттерінің бірі. Қазіргі таңда инновациялық саясатты қалыптастыруға деген ұмтылыс маңызды мәселеге айналды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың алға тартып отырған «инновациялық дамуда Қазақстанның өз базасын жасау қажеттігін, ең алдымен инноваторларды, жаңа буынның технократтарын дайындау маңызды міндеттерді жүзеге асыру»[1].

Мемлекеттік деңгейде инновациялық басымдылықтарды таңдау критерийлеріне:

- жобаның жиынтық коммерциялық тиімділігі;
- жаңалықтардың жалпы мемлекеттік және әлеуметтік мәні;
- ғылыми және техникалық жаңалықтар деңгейі;
- тиісті облыстарда өзекті техникалық және технологиялық міндеттерді шешуге бағыттау;
- салааралық бағыттылық, инновациялық облыстарда жаңа технологияны дамытуға дайын бола білуі;

- әлемдік нарықта тауарлар мен қызмет түрлерінің позициясын күшейту;
- мамандармен қамтамасыз ету, санаткерлік әлуеттің өсуін ынталандыру;
- қаржыландырудың әртүрлі көздерін тарту мүмкіндіктерін күшейту;
- жобаны жүзеге асырудың ұйымдастыру-басқару механизмінің болуы;
- қоршаған орта жағдайына әсер ету;
- тәуекел деңгейі жатады



Экономиканың инновациялық дамуының тағы да бір маңызды құраушысы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру болып табылады. Қазақстанда шаруашылықтың барлық салдаларында энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бүгінгі таңда басымдылықты тапсырма болып табылады, оны шешумен энергетикалық, экологиялық және экономикалық мәселелер кешені шешілетін болады.

Барлық дамыған елдер баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға инвестицияны ұлғайтуда. 2050 жылға қарай алғанның өзінде оларды қолдану барлық тұтынылатын энергияның 50%-на дейін өндіруге мүмкіндік береді. Көмірсутегі экономикасының дәуірі бірте-бірте аяқталып келе жатқаны анық. Адамзаттың өмір тіршілігі тек бір ғана мұнай мен газға емес, энергияның жаңғыртылатын көздеріне негізделетін жаңа дәуір келе жатыр. Қазақстан жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің басты элементтерінің бірі болып саналады. Елімізде өтетін «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің басты тақырыбы осы энергия көзін үнемді пайдаланып, баламалы энергия көздерін ашуға тікелей байланысты болмақ.

«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Екі жылдан кейін үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасын іске асырудың бірінші бесжылдығы аяқталады. Үкімет индустрияландыру бағдарламасының келесі белесінің егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуі тиіс. Перспективалық технологиялық бағыттарды дамытудың сценарийі қажет» деген еді [2].

Үдемелі индустриялды-инновациялық даму бағдарламасы (ҮИИДБ) еліміздің жалпы ішкі өнімді 2015 жылға дейін 7 трлн. теңгеге дейін өсіруге мүмкіндік беретін маңызды құжат. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Индустриялды-инновациялық бағдарлама елімізді дамыған бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосатындығын айтқан болатын. Бағдарлама аясында ел экономикасының шикізаттық емес секторын арттыру, өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігін ұлғайту, сондай-ақ ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын төмендету көзделгені белгілі. Осының арқасында халқымыздың өмір сүру ұзақтығын арттыру, табысы төмен әлеуметтік топтардың санын азайту және жұмыссыздық деңгейін төмендету жоспарланып отыр. Осылайша Индустриялды-инновациялық даму бағдарламасының еліміз үшін экономикалық және

әлеуметтік маңызы айрықша болып тұр. Жалпы бұл бағдарлама 2020 жылға дейінгі Үкіметтің ел экономикасын дамытуда бағдарға алған басты стратегиялық даму жоспары болып табылады [3].

Инновациялық экономиканың қалыптасуы Қазақстанның ХХІ ғасырдағы дамуының баламасыз нұсқасы болып табылады. Экономикалық дамудағы жеткен жетістіктер, саяси және әлеуметтік тұрақтылық Қазақстанның әрі қарай дамуын тұрақты, заманауи және перспективалы негізге қоюға мүмкіндік береді.

«Инновациялы Қазақстан-2020» форумында сөйлеген сөзінде Президент Н.Назарбаев бізге инновациялық дамудың ұзақ мерзімді және бүтін стратегиясы қажет екендігін атап өткен болатын. Өз ұлтының бақытты болашағын, кемел келешегін ойлаған, төрт құбыласы түгел, қуатты мемлекет құруды мақсат еткен Елбасының «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасын ұсынғандағы мақсаты – жан-жақты дамыған білімді, мәдениетті, отаншыл, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру. Ұлттық жоба үш негізгі аспектіні қамтиды. Біріншісі, қазақстандық білім жүйесін дамытуда серпіліс жасау. Бұл қазіргі таңда білім беру үдерісіне айрықша назар аударуды талап етеді. Өйткені ұлттың дамуының негізі дұрыс білім ала білуде. «Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылым саласын дамыту мен еліміздің ғылыми потенциалын арттыру. Жобаның үшінші бағыты – қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған инновациялар жүйесін дамыту [3].

Инновация бұл – жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, қызмет) немесе технологиялар түрінде іске асырылған, практикалық қызметте пайдалану кезінде сапалық артықшылықтарға ие әрі экономикалық және қоғамдық пайдасы бар ғылыми техникалық нәтиже.

Сонымен, осы мәселелердің барлығын көтере келе, қорытындылайтынымыз төмендегідей. Мемлекеттің негізгі инновациялық қызметі келесі шараларды қамтуы тиіс:

- инновациялық шаралардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін қалау;

- өндіріс тиімділігі мен ішкі нарықтағы тауар өндірушілердің өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін технологиялық жаңалықтар енгізу негізінде арттыру;

- кәсіпкерлердің инновациялық белсенділігін көтеру және инновациялық іс-әрекеттерді асыруға бөлінген мемлекеттік қаржыларды тиімді қолдану;

- отандық инновациялық өнімді халық аралық нарықта өткізуде қолдау және Республикадағы өнімнің осы түрі бойынша экспорттық әлеуетті арттыру; - ғылымды қаржыландыру деңгейін арттыру және адами даму индексі көрсеткішін көтеру, «ақылды экономика» құру.

Жаңа инновациялық саясат іске асқаннан кейін келесі нәтижелерді күтуге болады:

- өндірістік жүйедегі ресурстарды қолданудың тиімділігін арттыра отырып, бәсекелік артықшылықтың ерекше түрімен ұлттық экономиканы жетілдіруде құрылымдық өзгерістер енгізу;

- халықтың әл-ауқатын, өмір сүру деңгейінің жақсаруы.

- адам капиталының дамуы, интеллектуалды ұрпақтың қалыптасуы.

Мақаланы Елбасының мына сөздерімен аяқтағым келеді: «Инновация дегеніміз – ол тек заманауи озық технологияны қолдану емес, оны ойлап табу».

Міне, сондықтан жаһандық даму мен өзгерістерге сай озық техника мен технологияны ойлап табуға атсалысу – әркімнің азаматтық борышы. Ал инновациялық экономиканың дамуы – ол жарқын болашақтың кепілі.

«Елу жылда ел жаңа» деген халық даналығын ескертіп кетсек, біз 2050 жылы «қазақстандықтар» деп аталатын мүлде жаңа ұлт болып қалыптасамыз. Бұл біріншіден, табиғи заңдылық. Екіншіден, экономикадағы толық өзгеру, жаңару бізді сол игілікке алып барады. Ең бірінші ол игілік қоғамдық сананың толық өзгеруінен басталады десек, қателеспеспіз.

Қорыта айтқанда, ұлт Көшбасшысы алға қойған жаңа міндеттерді жүзеге асырып, жаңа биіктерге көтерілу қазақстандықтардың қолынан келетін игілік. Сондай-ақ қазақстандықтар

ол игілікке қоғамдық санасы, интеллектуалдық сапасы мүлде жаңарған жаңа ұлт болып қол жеткізеді. Бұған толықтай сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Н. Назарбаев «Болашақты бірге қалаймыз!» Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қаласы, Ақорда. 28.01.2011ж

2.«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауы

3 .Елбасы Н.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы

ӘӨЖ 338.24 (07)

БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КӘСІПОРЫН ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНУ

Ж.Ә.Әбілаева

jenis_93.22@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші – Сабинова Р.К., э.ғ.к, доцент

Халық шаруашылығы дамуының қазіргі кезеңінде басқарудың экономикалық әдістері зор маңыз алып отыр.

Басқарудың экономикалық әдістерінің мазмұны еңбек және материал шығындарын мейлінше аз жұмсай отырып, мейлінше жақсы өндірістік нәтижелерге жету мақсатында қызметкерлердің экономикалық мүдделеріне нысаналы ықпал етуде болып табылады. Өндірістік ұжымдар мен жекелеген қызметкерлерге белгілі бір экономикалық тұтқаларды (өзіндік құн, пайда, баға, жалақы, материалдық көтермелеу қорлары) пайдалану жолымен ықпал ету экономикалық әдістер деп түсініледі.

Басқарудың экономикалық әдістері – бұл адамдардың экономикалық қатынастары мен олардың экономикалық мүдделерін пайдаланатын адамдарға ықпал етудің тәсілдері мен әдістері. Экономикалық әдістердің тұтас жүйесі нарықтық экономика жағдайында мынадай міндетті істерді орындайды: реттеуші, теңгерімшібөлуші.

Экономикалық әдістердің көмегімен тауарларды өндіру мен айырбастауда, тауарлардың экспорты мен импортының көлемі мен бағытында және басқа да экономикалық процестерде құрылымдық жылжулар реттеледі.

Нарықты қалыптастыру мен қалыпты жағдайға түсіруде экономикалық әдістердің ең тиімді пайдаланылатын бағыттарының бірі – жекелеген қызмет салалары мен түрлерін саралау тәсілдемесі болып табылады. Бұл саралау ең алдымен экономикалық ынталандыруды күшейтуді талап ететін өндірістің артықшылығы бар салаларында, яғни басым салаларында қолданылуы керек, салық және процент мөлшерлемерінде, еңбекақы деңгейінде, қысқа мерзімде және ұзақ мерзімді несиетерде артықшылықтарға ие болу қажет.

Нарықтық қатынастарды қалыптастырудың түпкі мақсаттарына қол жеткізу үшін микродеңгейдегі басқарудың экономикалық әдістер жүйесін әлеуметтік бағыттағы тиімді нарықтың талаптарына сәйкес ыңғайластыру қажет [1].

Басқарудың экономикалық әдістерінің бірнеше тобын бөліп көрсетуге болады. Олар:

- шаруашылық механизмі және оның құрылымы;
- әлеуметтік-экономикалық дамуды аймақтық басқару;
- экономиканы дамытудағы индикативтік жоспарлауды пайдалану;
- мемлекеттік реттеудің әдістері.

Шаруашылық механизмі — шаруашылықты жүргізудің қағидаларына негізделген әдісі.